

## Тәжірибелік тапсырма №1

### **Тапсырманы орындауға арналған нұсқаулар:**

Сұрақтарға, кестелер мен жағдайларға барлық жауаптарды бір құжатта толтырыңыз.

Кейс және аудиторлық қорытындымен жұмыс істегенде дәріс материалдарына және аудиторлық қызметтердің жұмысын практикалық түсінуге сүйенуге тырысыңыз.

Операцияларды тексеру нәтижелерін кесте түрінде ұсыныңыз (әр операция бойынша қысқаша талдау).

### **Бағалау критерийлері:**

Сұрақтарға жауаптардың толықтығы мен нақтылығы (20 б).

Кестені толтыру және іспен жұмыс істеу дұрыстығы (30 ұнай).

Кейс тапсырмаларының дұрыстығы мен жүйелілігі (50 балл).

**1 бөлім:** Қысқаша жауап беріңіз (әр жауап 2-3 сөйлемнен аспауы тиіс)

1. Қаржылық бақылаудың негізгі міндеттері қандай?
2. Сыртқы қаржылық бақылау мен ішкі қаржылық бақылаудың айырмашылығы неде?
3. Кассалық операцияларды бақылау не үшін маңызды?
4. Дебиторлық және кредиторлық берешек аудитінің мақсаты неде?
5. Тауарлы-материалдық қорларды түгендеудің маңызы қандай?
6. Сыртқы аудит пен тәуелсіз аудиттің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атаңыз.

**2 бөлім:** Кестені толтырыңыз

Төмендегі кестені толтырыңыз. Әрбір ұяшыққа тиісті анықтамаларды немесе мысалдарды жазыңыз.

Аудит түрі	Мақсаты	Мысалы немесе міндеттері
Қаржылық аудит	Қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру	...
Ішкі аудит	...	...
Тауарлы-материалдық қорлар аудиті	...	...
Дебиторлық және кредиторлық аудит	...	...
Сыртқы аудит	...	...

**3 бөлім:** Кейсты талдау

"Алтын Құрылыс" ЖШС құрылыс материалдарын сату және жеткізу бойынша қызмет көрсететін компания. Сіз бұл компанияға аудитор болып тағайындалдыңыз және сіздің міндетіңіз – бір айлық қаржылық операцияларды тексеріп, аудит жүргізу. Компанияның қаржылық есептілігі мен операциялары төмендегі кестеде көрсетілген.

№	Операция сипаттамасы	Сома (теңге)	Дебет	Кредит	Құжаттар
1	Жабдықтаушылардан құрылыс материалдары сатып алынды	2 000 000	1310 «Тауарлар»	3310 «Жабдықтаушыларға қарыз»	Шот-фактура №101, келісім-шарт №12

2	Жабдықтаушыларға қарыз төленді	1 500 000	3310 «Жабдықтаушыларға қарыз»	1030 «Банк шотындағы ақша»	Төлем тапсырмасы №200
3	Құнсызданған материалдар есептен шығарылды	300 000	7110 «Шығындар»	1310 «Тауарлар»	Жою актісі №15
4	Сатып алушылардан қарыз қайтарылды	1 000 000	1030 «Банк шотындағы ақша»	1210 «Алынуға тиісті шоттар»	Шот-фактура №202, төлем тапсырмасы №55
5	Қызметкерлерге еңбекақы төленді	800 000	3350 «Қызметкерлерге қарыз»	1010 «Кассадағы ақша»	Еңбекақы төлеу ведомосі №33
6	Құрылыс жұмыстары бойынша кіріс түсті	3 500 000	1030 «Банк шотындағы ақша»	6010 «Кірістер»	Шот-фактура №303
7	Қызметтік автокөлікке жанармай сатып алынды	150 000	7110 «Шығындар»	1030 «Банк шотындағы ақша»	Шот-фактура №404
8	Кассадан жабдықтаушыға қарыз төленді	250 000	3310 «Жабдықтаушыларға қарыз»	1010 «Кассадағы ақша»	Төлем ведомосі №66

### Тапсырма:

Аудиторлық тексеру жоспарын құру

Сіз "Алтын Құрылыс" ЖШС-нің аудиторлық тексеруін жүргізесіз. 2024 жылдың қыркүйек айындағы операцияларға негізделе отырып, сізге келесі әрекеттерді орындау қажет:

#### 1. Аудит бағдарламасын құрыңыз:

1.1. Аудиттің негізгі мақсаттарын көрсетіңіз (мысалы, қаржылық есептіліктің шынайылығын тексеру, дебиторлық және кредиторлық берешектердің дұрыстығын тексеру).

1.2. Тексерілетін шоттар мен операцияларды көрсетіңіз (мысалы, дебиторлар мен кредиторлар, кассалық операциялар, еңбекақы және шығындар).

1.3. Аудит барысында қолданылатын әдістерді анықтаңыз (мысалы, құжаттарды тексеру, түгендеу, салыстыру).

#### 2. Қаржылық операцияларды тексеру:

2.1. Әр операцияның заңдылығын және шынайылығын тексеріңіз. Әр операцияға қатысты қандай құжаттарды тексеру керектігін көрсетіңіз.

2.2. Әр операцияның есеп шоттарына сәйкес дұрыстығын бағалаңыз. (Мысалы, материалдарды сатып алу және төлеу операцияларының дұрыстығын тексеру).

2.3. Құжаттардың сәйкестігін және толықтығын тексеріңіз (әр операцияға тиісті шот-фактуралар, келісім-шарттар, төлем тапсырмалары және т.б.).

#### 3. ХҚЕС талаптарына сәйкес бухгалтерлік жазбаларды тексеріңіз:

3.1. Тауарлы-материалдық қорлардың дұрыс есепке алынуын бағалаңыз.

3.2. Кассалық операциялар мен банк операцияларының дұрыстығын тексеріңіз.

3.3. Құнсызданған материалдардың есептен шығарылу тәртібін тексеріңіз.

#### 4. Түгендеу:

4.1. Қыркүйек айының соңында тауарлы-материалдық қорлардың түгендеуін жоспарлаңыз. Қандай құжаттар қажет және қандай әдістерді қолдану керектігін түсіндіріңіз.

4.2. Түгендеу нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктер болған жағдайда қандай шаралар қолдану керектігін сипаттаңыз.

**5. Аудиторлық есептің қорытындысын жасаңыз:**

5.1. Аудит барысында анықталған негізгі заң бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктерді сипаттаңыз.

5.2. "Алтын Құрылыс" ЖШС басшылығына берілетін ұсыныстарды жасаңыз. Бұл ұсыныстар қаржылық операцияларды жақсарту, құжат айналымын күшейту немесе бақылау жүйесін жетілдіру бойынша болуы мүмкін.